

## **«Түлектердің білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттану» сауалнамасы**

Университет білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында еңбек нарығына талдау жүргізіп, түлектердің оқу үдерісі мен білім беру мазмұнына қатысты пікірін анықтайды. Жиналған деректер білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және оларды еңбек нарығының талаптарына бейімдеуге септігін тигізеді.

2026 жылдың 04-17 мамыр аралығында университет түлектерінен «Түлектердің білім беру бағдарламасының сапасына қанағаттану» сауалнамасы жүргізілді. Аталған сауалнамаға 6B11101 – Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру, 6B11102 – Халықаралық және ішкі туризм, 6B11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру, 6B11104 – Қонақ үй және мейрамхана бизнесі, 6B11105 – Туристік дестинациялар менеджменті ББ түлектері қатысты. Жалпы түлек саны – 448, қатысқаны – 354 (79%)

Білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің қанағаттану деңгейі келесідей:

**Кесте 1 – ББ білім алушылардың қанағаттануы**

<b>ББ атауы</b>	<b>Білім алушылар саны</b>	<b>Респонденттер саны</b>	<b>Қанағаттану %</b>
6B11101 –Туризм және қонақжайлылық индустриясын ұйымдастыру	40	34	85 %
6B11102 – Халықаралық және ішкі туризм	225	180	80 %
6B11103 – Экскурсиялық қызметтер мен жеке турларды ұйымдастыру	23	19	82 %
6B11104 –Қонақ үй және мейрамхана бизнесі	120	90	75 %
6B11105 – Туристік дестинациялар менеджменті	40	31	78 %

Жоғарыда келтірілген кестеден көріп отырғанымыздай, сауалнамаға түлектердің 79 %-ы қатысып, ББ қанағаттану деңгейі – 79 % құрады.

**Құзыреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі**